

Диссертациялық кеңестің 2021 жылғы жұмысы туралы ЕСЕБІ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті жанындағы 8D011 Педагогика және психология (6D010300–Педагогика және психология мамандығы); 8D013 Пәндік мамандырылмаған мұғалімдерді даярлау (6D010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы) бағыттары бойынша біріккен диссертациялық кеңес

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережеге Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 09.03.2021 жылғы № 98 өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес тұрақты Біріккен диссертациялық кеңестің құрамы Университет Басқарма бастығы-ректоры Каримова Бейбіткүл Сәрсемханқызының 2021 жылғы 01 сәуірдегі № 180-ғж бұйрығымен университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен тұрақты құрамы 3 адамнан бекітілді:

1 Майгельдиева Ш.М. – п.ғ.д., доцент, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, төраға;

2 Жусупова Жанна Азатовна – п.ғ.к., Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің доценті, төраға орынбасары;

3 Жайлауова Манат Кенесовна - п.ғ.к., доцент, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, ғалым хатшы.

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер.

Диссертациялық кеңестің 2 мәжілісі өтті.

2. **Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) - жоқ.**

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

1. Сейтенов Ахметжан Сапарғалиевич – Торайғыров университеті

2. Примбетова Айгуль Иманғалиевна - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

4. **Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:**

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

4.1 Сейтенов Ахметжан Сапарғалиевич

Диссертация тақырыбы: Инновационные подходы к организации интеллектуальных игр в дошкольном возрасте (на примере деятельности образовательного центра «Ойна»)/ Мектепке дейінгі жастағы зияткерлік ойындарды ұйымдастырудың инновациялық тәсілдері («Ойна» білім беру орталығының қызметі мысалында)

Мамандығы: 8D011 (6D010300)-Педагогика және психология.

Ғылыми кеңесшілері: Р.Ж.Аубакирова, ҚР п.ғ.к., РФ п.ғ.д., Торайғыров университеті «Психология және педагогика» кафедрасының профессоры (Павлодар қ., Қазақстан); О.Б.Дарвиш, пс.ғ.к., психология докторы, Алтай мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті (Барнаул қ., Ресей Федерациясы).

ДК-ің тұрақты емес құрамы:

1. Абитова Гулбану Тастановна – РФ п.ғ.к., PhD доктор, Абай атындағы ҚазҰПУ «Әлеуметтік педагогика және мектепке дейінгі білім беру» кафедрасының қауымд. профессоры;

2. Айтпаева Алмагуль Карекбаевна – п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ «Әлеуметтік педагогика және мектепке дейінгі білім беру» кафедрасының доценті;

3. Бекжанова Б.Ж. – PhD доктор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Педагогикалық-психологиялық білім беру және оқыту әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі.

Диссертация 28.05.2021 ж. қорғалды. *Қорғау тілі* – орыс тілі. *Қорғау форматы:* онлайн және оффлайн форматындағы видеоконференция нысаны.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізіне білім беру сапасын арттыру мақсатында білім беру жүйесін модернизациялау міндеті қойылып отыр. «Қазақстан – 2050» Стратегиясында мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдістерін пайдалануға көшу қажеттігі атап өтілген. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында ерте жастағы балалардың өзін-өзі оқыту және әлеуметтік дағдыларын дамыту үшін бірыңғай стандарттарды енгізу тапсырылған болатын. Қойылған мақсаттарға қол жеткізу мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық қатынастарды талап етеді. Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін реформалаудың негізінде инновацияларды ендіру идеясы жатыр, осы ережеге сәйкес мектепке дейінгі білім берудегі инновациялар даму және үнемі алға жылжу үдерісін қамтиды, бұл – білім беруде кезең-кезеңімен жүзеге асуы және алынған нәтижелерге сәйкес талдауға, түзетуге ұшырауы тиіс өзгерістер. Зерттеудің көкейкестілігі дамып отырған ақпараттық технологиялар, білім берудің жаһандануы және басқа факторлар аясында мектепке дейінгі жаста интеллектуалдық ойындарды ұйымдастыруға инновациялық қатынасты қарастыру қажеттігі туындайды. Бұл бағытта мектепке дейінгі жаста интеллектуалдық ойындарды ұйымдастыруға инновациялық қатынастың тиімділігін теориялық негіздеу және эксперименталды тексеру педагогика ғылымының қазіргі қажеттіліктерінің бірі болып табылады. Зерттеу тақырыбын таңдаудың өзектілігі орын алған қарама-қайшылықтармен анықталады: инновациялық қатынас негізінде мектепке дейінгі жаста интеллектуалдық ойындарды ұйымдастыру қажеттігі мен педагогикалық тәжірибенің жай-күйінің қанағаттанарлықсыз жағдайы арасындағы. Әдетте педагогикалық тәжірибеде бұл міндет мақсатты түрде қойылмайды және шешілмейді, педагогикалық зерттеулерде кең көлемде кешенді түрде жасалмайды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық маңыздылығы:

- «Инновациялық тәсіл» түсінігі нақтыланған;
- «Ойна» білім беру орталығының мысалында мектепке дейінгі жастағы зияткерлік ойындарды ұйымдастырудың инновациялық тәсілінің маңызды моделі жобаланған;
- инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, зияткерлік ойындарды ұйымдастыру әдістемесі (ағылшын тілін ана тілінде оқыту технологиясы; робототехника элементтері; SFEAM элементтері, ТРИЗ элементтері, логопед, дефектолог жұмысы мен мектепалды даярлық элементтері), ойын және арттехнологиялар негізінде «әлеуметтік зияткерлікті» дамыту, кейс стади әзірленген.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

1) инновациялық идеялар негізінде тұлғаның зияткерлік дамуы мен үйлесімді тәрбиесінде қажетті қолдауды жүзеге асыруға бағытталған «Ойна» білім беру орталығының стратегиясы мен миссиясы әзірленіп, енгізілген, ол мыналарды қамтиды:

- тәрбиеленушілердің интеллектуалдық, әлеуметтік-эмоционалдық, көркемдік-эстетикалық дамуын қамтамасыз ету;

- тәрбиеленушілердің интеллектуалдық, әлеуметтік-эмоционалдық, көркемдік-эстетикалық даму деңгейін анықтау бойынша диагностикалық және қалыптастырушы құралдар;

- балалардың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара іс-қимыл жасау.

2) «Ойна» білім беру орталығының инновациялық қызметінің қағидаттары іске асырылған:

- нәтижелілік (процесті іске асыру сандық және сапалық сипаттамалары бар және қызметтің нысаналы бағдарларына сәйкес келетін нәтиже алуды қамтамасыз етуі тиіс);

- технологиялылық (педагогикалық персоналдың, білім беру технологияларының, ультра заманауи ресурстар мен оқыту әдістерінің интеграциясы және шоғырландырылған өзара іс-қимылы);

- қолжетімділік (білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес оқу міндеттерін шешу тәсілдерін саралау);

- сапа (тұтынушыға оның білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілеті ретінде бағдарлану);

- тиімділік (қол жеткізілген нәтиже мен жұмсалған ресурстар арасындағы арақатынас).

3) Инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, зияткерлік ойындарды ұйымдастыру әдістемесі (ағылшын тілін ана тілінде оқыту технологиясы; робототехника элементтері; STEAM элементтері, ТРИЗ элементтері, мектепалды даярлық элементтері, логопед, дефектологтың жұмысы), ойын және арттехнологиялар негізінде «әлеуметтік зияткерлікті» дамыту әдістемесі енгізілді.

4) Ресурстар құрылды:

- материалдық (робототехника кабинеті; ойын бөлмесі; ТРИЗ кабинеті; STEAM кабинеті; INTELLECTUM кабинеті; ағылшын тілі кабинеті; мектепалды даярлық кабинеті; логопед кабинеті), әртүрлі елдерден (Финляндия, Канада, Түркия, Америка, Германия және т.б. елдерден) әкелінген зияткерлік ойындардың үлкен спектрі жиналды);

- оқыту (оқыту технологиялары: ойын, ТРИЗ, STEAM, ана тілінде);

- ақпараттық (Instagram: @Oyna_pvl; орталықтың ресми сайты www.oyna.com.kz).

4.2 Примбетова Айгуль Имангалиевна

Диссертация тақырыбы: Қазақстанда экологиялық білімнің қалыптасуы мен дамуы (білім беру психологиясы негізінде)/ Становление и развитие экологического образования в Казахстане (в ракурсе психологии образования)

Мамандық: 8D011 (6D010300) – Педагогика және психология

Ғылыми кеңесшілері: Ш.М.Майгельдиева, п.ғ.д., доцент, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессор м.а.; Н.А.Каргапольцева, п.ғ.д., профессор, Орынбор мемлекеттік университетінің профессоры (Орынбор қ., Ресей Федерациясы).

Диссертация 27.12.2021ж. қорғалды. Қорғау тілі – қазақ.

ДК-ің тұрақты емес құрамы:

1.Бакирова Кульжахан Шаймерденовна – п.ғ.д., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ «Мектепке дейінгі білім беру, әлеуметтік педагогика және өзі-өзін тану» кафедрасының қауымд. профессоры;

2. Шаушекова Баян Кырыкбаевна– п.ғ.к., Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті «Педагогика және бастауыш білім беру» кафедрасының доценті;

3. Бекжанова Б.Ж. – PhD доктор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Педагогикалық-психологиялық білім беру және оқыту әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі.

Диссертация 27.12.2021ж. күні қорғалды. *Қорғау тілі* – қазақ тілі. *Қорғау форматы:* онлайн және офлайн форматындағы видеоконференция нысаны.

Зерттеудің өзектілігі қазіргі әлемде экологиялық проблемалар өзінің қоғамдық маңызы бойынша жетекші болып отырғандығымен және адамзаттан оларды шешуге неғұрлым саналы қатынасты талап ететіндігімен айқындалады. Экологиялық ағартуды жүзеге асыру саласындағы біліктілікті арттыру жолдарының бірі – экологиялық білімдерді меңгеру. Қазақстан азаматтарына, бірінші кезекте - студент жастарға, экологиялық білім беруді жетілдірудің маңыздылығы мен қажеттілігін түсіне отырып, Қазақстан Республикасының үкіметі бұл проблеманы бірқатар мемлекеттік құжаттарда көрсетті: «Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы», ҚР «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заңы, «ҚР экологиялық білім беру тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасы экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы», «ҚР экологиялық кодексі» және т.б.

Зерттеудің өзектілігі төмендегі жағдайлармен айқындалады:

Біріншіден, қоғам дамуының басты шарттарының бірі ретінде жас ұрпаққа экологиялық білім беру бойынша іс-шараларды үздіксіз жүзеге асыру қажеттігі, өйткені жас адамның санасына экологиялық білімді сіңіру арқылы ғана шын мәнінде табиғатты бағалай, қорғай білетін, табиғат байлықтарын асыра пайдалануға жол бермейтін, жердің, судың, ауаның, өз халқының болашағын ойлайтын азаматты тәрбиелеуге болады; және екіншіден, орын алып отырған қарама-қайшылықтармен: а) Қазақстанда экологиялық білім берудің қалыптасуы мен дамуы проблемасын шешудің қажеттігі мен жоғары оқу орны үдерісінде оны жүзеге асырудың ғылыми-теориялық негіздемесінің жоқтығы арасындағы; ә) қажеттілік пен елімізде экологиялық білім беруді жүзеге асыру мақсатында қолданылатын ғылыми-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуінің жеткіліксіз деңгейі арасындағы.

Бұл жағдай төмендегідей қарама-қайшылықтарды анықтауға мүмкіндік жасады:

- еліміздегі қазіргі кездегі білім берудің реформалануына сай Қазақстандағы экологиялық білімнің қалыптасуы мен даму мәселесін ескерудің қажеттілігі мен оны жоғары оқу орны үдерісінде жүзеге асырудың мүмкіндіктері ғылыми-теориялық тұрғыдан қарастырылмауының арасында;

- Қазақстандағы экологиялық білімді дамыту мақсатында қолданылатын ғылыми-әдістемелік құралдардың қажетті деңгейде қамтамасыз етілуінің арасында қарама-қайшылық бар екендігі анықталды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңызы:

- Қазақстандағы экологиялық білімнің қалыптасып, дамуына ықпал еткен саяси, тарихи әлеуметтік жағдайларға сипаттама берілген, даму кезеңдері, динамикасы айқындалған, экологиялық білім беру бағдарламаларының мазмұндарына талдау жасалған;

- «Экологиялық білім», «экологиялық білім беру» түсінігінің мәні, құрылымы, мазмұны мен қызметтері ғылыми тұрғыда негізделінген;

- Қазақстандағы экологиялық білімнің қалыптасуы мен даму кезеңдері айқындалған және оларға білім беру психологиясы тұрғысынан сипаттама берілген;

- Қазақстандағы экологиялық білім берудің мазмұны жүйеленген, білім беру психологиясына негізделген оқу-тәрбиелік мүмкіндіктері нақтыланған және оларды жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне ендіру жолдары эксперименттік байқаудан өткізіліп, нәтижесі қорытындыланған.

Зерттеудің практикалық мәнділігі: зерттеу мәселесі бойынша «Қазақстандағы экологиялық білімнің мазмұны» атты элективті курс бағдарламасы жасалып, оқу жоспарының таңдау пәні компонентіне ұсынылған; зерттеу нәтижелерін «Білім» тобы мамандықтары (оның ішінде «Биология», «Экология», «Химия») білім алушыларына «Педагогика», «Педагогика тарихы», «Этнопедагогика», «Тәрбие жұмысының теориясы мен технологиясы», т.б. пәндерін оқытуда және жоғары оқу орындарында, педагогикалық колледждерде және педагогикалық мамандардың біліктілігін арттыру институты тәжірибесінде пайдалануға болады. Зерттеудің практикалық маңызы мынада: Қазақстанда экологиялық білім берудің қалыптасуы мен дамуы кезеңдерінің классификациясы, болашақ педагогтердің экологиялық білімдерін қалыптастыру жүйесінің мазмұндық моделі, таңдау

пәні ретінде ұсынылған «Қазақстандағы экологиялық білім беру мазмұны (білім беру психологиясы негізінде) элективті курсының бағдарламасы жасалған. Дайындалған әдістеме мен алынған зерттеу нәтижелерін бакалавр-болашақ педагогтерді даярлау тәжірибесінде, мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындары оқытушыларының біліктілігін арттыру жүйесінде пайдалануға болады.

Теориялық тұжырымдар мен ғылыми-әдістемелік нұсқаулар студенттердің қоршаған ортаға ізгілікті қатынасын қалыптастыру міндетін шешуге бағытталған экологиялық білім беруді дамыту проблемасын тиімді шешуге ықпал жасайды.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Рецензент ретінде педагогика мен психология саласына үлес қосқан және қорғап жатқан диссертация тақырыбының аясында зерттеулер өткізген ғалымдар мақұлданған. Барлық рецензенттер докторлық жұмыстарға жоғары кәсіби тұрғыда сараптама жасады.

А.С. Сейтеновтың диссертациясына:

- Бекмагамбетова Роза Карпыковна - педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті «Әлеуметтік педагогика және мектепке дейін білім беру» кафедрасының профессоры, мамандығы 13.00.01 - Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика;

- Бельгибаева Гульбаршын Капановна – педагогика ғылымдарының кандидаты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті «Педагогикалық-психологиялық және мектепке дейінгі даярлық» кафедрасының доценті, мамандығы 13.00.08 - Кәсіби білім беру теориясы мен әдістемесі.

А.И. Примбетованың диссертациясына:

- Длимбетова Гайни Карекеевна - педагогика ғылымдарының докторы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының профессоры, мамандығы 13.00.01- Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика;

- Аяганова Алмагуль Жандильдаевна – психология ғылымдарының кандидаты, Қызылорда облысы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы филиалының доценті, мамандығы 19.00.01- Жалпы психология, тұлға психологиясы, психология тарихы, этнопсихология

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Ғылыми кадрларды сапалы даярлау мақсатында диссертациялық кеңес кафедрамен бірлесе отырып, 2022 жылы 8D011 Педагогика және психология (6D010300–Педагогика және психология); 8D013 Пәндік мамандырылмаған мұғалімдерді даярлау (6D010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) БББ докторанттарымен докторлық диссертацияға қойылатын талаптар және оны дайындау тәртібі, рәсімдеуге және ашық қорғауға байланысты әдістемелік бағытта бірқатар іс-шаралар өткізу.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - 2;

2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ;

3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ;

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ;

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ;

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) - жоқ.

Диссертациялық кеңестің төрағасы Ш.М.Майгельдиева Ш.М.Майгельдиева

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы М.К.Жайлауова М.К.Жайлауова

« 31 » 12 2021 жыл

